

(сурет.2: 31) II топқа шартты түрде енгізілген, өйткені төменгі бөліктің ою-өрнегі саргарин типіндегі ыдыс-аяқ табылмайды.

III топқа Оңтүстік, Орта Азия дәстүрлерінде орындалған 4 негізсіз ыдыс (барлық кешеннің 2%) кіреді. Бір ыдыс төменгі бөлікпен ұсынылған

бүгілген қабырғамен (сурет. 2: 30). Бір фрагмент мент жұқа қабырғалы ыдыстан шыққан қызыл ангобпен жабылған тік мойын. Қалған екеуі - құмыра дөңгелегін пайдаланып жасалған ыдыстардың фрагменттері. Бір фрагмент қара түсті, жылтыратылған; бір ыдыс сұр, үшіншісі қоңыр. Бойынша ыдыстардың ішкі беттері жақсы тар көлденең параллель көрінеді сызықтар-айналу іздері.

Ақкезең қонысы, басқалар сияқты Орталық Қазақстан ескерткіштері, оның қорымдары тасымалдаушылармен қалдырылды шими Беғазы-Дәндібай (Саргарин Алексеевск) мәдениетін құра отырып, керамикалық дәстүрге айналды.\3\

2023 жылы Е.Ш. Амиров және Д.Б. Үмітқалиев басшылығымен Ақкезең протоқалашығында археологиялық жұмыс өткізілді. Қазба жұмыстары 26 күн бойы жүргізілді. Қазба барысында 1 мұртты обадан, 75 метрді қамтитын қолдан жасалған тас жотасы, бір қоныс. 2023 жылғы өткізілген Ақкезең қазба жұмыстары барысында табылған керамика фрагменттерінің саны 515-ке тең. Керамика фрагменттеріне реконструкция жұмыстары өткізіліп жатыр. Фрагменттердің жалпы санының (515) өрнексіздер саны басым (426), ал өрнектелген фрагменттер саны (89). Керамикалық фрагменттерінің айтарлықтай бөлігінде валиктық технология қолданылған, өрнектері көбіне сызықша және шырша тәріздес кездеседі. Көбіне құмыра иендері нақтыланбаған құмыра тәждері керісінше айқын түрде көрсетілген.\4\

Керамика мен басқа да артефактілер, сондай-ақ қазбадан алынған сүйектер тазалау және сақтау процедурасынан өтті. Керамика зертханалық жағдайда қалпына келтірілді. Болды: барлық олжалардың тізімі жасалды.

Камералдық жұмыста археологиялық типология әдісі және аналогия әдісі қолданылды

Құмыралардың жоғарғы 3/1 бөлігі түрлі өрнектермен көмкерілген: вертикалды зигзагы, қиылысқан сызықтар нүктелі бастырма және тарақ секілді жүйелі өрнектелген.

Фрагмент 1 Фрагменттің иені бойымен екі параллель каннелюр өткізілген А.Х. Марғұлан 1979 жылғы «Беғазы-Дәндібаевская культура Центрального Казахстана» атты еңбегінде осындай керамика фрагменттері Атасу кезеніне жататыны жайлы айтылады /123 сур./5/.

Фрагмент 2 Берілген фрагменттің тәжінде төмен қаратылған үшбұрыштар тәждің астыңғы шебінен дән тәріздес штамппен бастырылып өткізілді дән тәріздес цепочкасынан жалғасып солдан оңға қарай қиғашталған үшбұрыш тізбегі тарақ тәріздес штампке жалғасады өрнектелген.

Фрагмент 3 Фрагменттің декорындағы жетекші өрнектер иенінен төмен бір-біріне тығыз орналасқан параллель зигзагтар арқылы өрнектер байқалады.

Қорытындылай келе Ақкезең протоқалашығы өзіміздің төл тарихымыздағы үлкен жаналық екені, идеологиялық рухымызды көтеруге, әлемдік сахнада археологиялық жетістіктердің жол ашылуына тірек бола алатыны айқын көрінеді. Оған дәлел 2023 «Талды-өркениеттер тоғысында» атты халықаралық археология-этнология фестивалі өткен болатын. Оған көптеген мемлекеттерден көптеген тарихшы ғалымдар қатысты мемлекетіміздің атакты археологы Арман Бейсенов, Игорь Кукушкин, Ерлан Амиров т.б ғалымдар қатысуы айқын дәлелдейді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Берденов С.А. Казахстанские месторождения меди и олова и их разработка в бронзовом веке // Известия НАН РК. Серия общественных наук, 2008. - № 1. С. 42–55.

2. Ақкезең мәдени феномені ежелгі шаһардың ерекшелігін айқындайды - «Ortalyq Qazaqstan» газеті. Рауан КАБИДОЛДА. 01.08.2019

3. Металлообрабатывающая мастерская на поселении аккезен, центральный казахстан 2022 г. В.В. Варфоломеев

4. Археология СССР: Свод археологических источников. Вооружение скифов. Мясникова Д. И. «Наука». - Москва, 1964

5. А.Х. Марғұлан Беғазы-дәндібаевская культура Центрального Казахстана. - Алма-Ата, 1979. - 360 с.

ЖЫЛҚЫ КУЛЬТІ

Жумамурад Е.Р.

Ғылыми жетекшісі: PhD Есен С.Ғ.
Астана Халықаралық Университеті
zumamuraterbolat829@gmail.com

Астана қ.

Ат жалында жүріп өркенитет орнатқан, көшпелі халық ұғымында жылқының образы қашанда биік тұрады. Жылқы ең алдымен далаға өркенитет алып келді. Көшпелі мәдинетің негізін қалады.

Біз бұл мақалада Қазақстан аумағындағы ежелгі мәдинетерді зертеген ғалымдардың жылқы култіне қатысты пікірлерімен археологиялық деректер негізіндегі ой тұдырымдар жасауды мақсат еттік.

А.К. Ақышев сынды археологтар мен зерттеушілердің басым көпшілігі жылқы култінің пайда болуы оған деген күнделікті өмірдегі қажеттілікпен тотемдікнаным-сенімдермен байланыстырады [5].

Жұмыр тұяқтыларға деген өмірлік тәуелділік пен қажеттілікмыстытас дәуіріндегі Ботайлықтардан бастап, таралу аймағы Алтай мен Дон арасында кеңінен жайылды. Ал оның культтік сипаты жылқа құрмет көрсетуден бастап, табыну дәстүріне, одан қалды бүгінге жеткен синволизмге ұласты.

Адам өміріндегі жылқының мәні. Адамның жылқыға тәуелді болғаны археологиялық деректерден айқын көрінеді. Қазақстан аумағында ежелден жылқы көшпелі халықтың өмірінде ерекше орын алып, тек көлік құралы немесе азық ретінде ғана емес, рухани және әлеуметтік мәнге ие болды.

Оба қорымдарында жылқыны қоса көму дәстүрі қайтыс болған адамның о дүниеде де жылқымен бірге болатындығына сенуден туындаған. Жылқы – әлеуметтік мәртебенің, күштің, батырлықтың символы ретінде саналғандықтан, оны қоса жерлеу қайтыс болған адамның қоғамдағы жоғары орнын көрсететін ритуалдық мағынаға ие болған. Мысалы, сақ обаларында жылқылар алтын әшекейлі ер-тұрмандарымен бірге көмілген. Бұл тек материалдық байлықты көрсету емес, жылқының қайтыс болған адамның рухани серігі ретіндегі рөлін айқындайды. Осы дәстүр көшпелі өмір салтында жылқының маңыздылығын, адамның оған қаншалықты тәуелді болғанын айғақтайды. Сонымен қатар, жылқыға қатысты әдет-ғұрыптар мен салт-жоралар да осы культті бейнелейді. Жылқыны жарыстару, көкпар шабу, жылқыны құрбандыққа шалу сияқты дәстүрлер көшпелі қоғамның жылқыға деген құрметін ғана емес, тұрмыс-тіршілігі мен мәдени салтының ажырамас бөлігі екенін көрсетеді.

Қазақстан аумағында жылқыны қолға үйрету шамамен 5-6 мың жыл бұрын басталғаны белгілі. Ботай мәдениеті (б.з.д. IV-III мыңжылдықтар) жылқыны алғаш қолға үйреткен аймақ ретінде танылған. Бұл уақытта Ботайлықтар жылқыны жегу, сүтін пайдалану және етін азық ету мақсатында қолданған. Одан кейінгі көшпелі салттың ерте қалыптасу кезеңінде халықтың тұрмысында негізгі көлік құралы ретінде қолданылып, жаугершілік мақсаттағы маңыздыарта түскен [1,2-5].

Б.з.д. I мыңжылдықта Еуразия кеңістігіндегі халықтардың өмір сүруінде орын алған өзгерістер олардың дүниетанымына өз әсерін тигізеді. Бұл әсіресе, олардың қоршаған ортаны жерлеу ғұрпымен байланыстыру әрекетінен жақсы байқалады. Оны өлікке ат арнау дәстүрінен анық көре аламыз. Осылайша, ерте көшпелілердің дүниетанымындағы жылқының маңызына қатысты ғылымдағы түрлі тұжырымдардың қалыптасуына ең алдымен археологиялық қазба жүргізілген обалардан жылқы мүрделерінің не болмаса жылқы түріндегі мүсіндер мен әшекейлердің табылуы басты себеп болды.

Қазақстанда табылған қорымдарға көмілген жылқылардың тізімдерін келтірер болсақ: 1. Ботай мәдениеті (мыңдаған жылқы сүйектері) – Солтүстік Қазақстан облысы, 2. Есік обасы (2) – Алматы облысы, 3. Талды қорымы – Қарағанды облысы, 4. Берел қорымы (17) – Алтай өңірі, 5. Шілікті қорымы (7) – Шығыс Қазақстан облысы, 6. Сарайшық қорымы – Атырау облысы, 7. Арқайым қорымы – Қазақстан мен Ресей шекарасы 8. Жетісу қорымдары (Талғар, Кеген, Шу маңы) – Алматы облысы, 9. Тасмола мәдениеті – Сарыарқа өңірі. Мұндай ескерткіштер өткен ғасырда ашылып ғылымға үлкен бет бұрыс әкелді деуге болады.

К. Ақышев Есік обасынан табылған қос жылқы бейнесінде әшекейді ежелгі үнді мифологиясымен салыстыра келе келесідей қорытындыға келеді. Жылқы арийлердің мифологиясындағы әлемнің бейнесі болатын болса, Есік жылқылары полярлық бастауларды білдіретін ежелгі ортақ зооморфтық бейнені сипаттайды [5]. Зерттеушінің сөзімен айтқанда, жылқы нышандық жағынан аспан әлемімен байланысты солярлық циклдегі құдайларға жатқан.

Осы бағытта зерттеу жүргізген Е.Е. Кузьмина өзінің 1977 ж. жариялаған «Конь в религии и искусстве саков и скифов» атты мақаласында аталған тайпалардың таным-түсініктеріндегі жылқы бейнесін иран тілдес халықтардың идеологиялық жүйесі арқылы негіздейді. Одан бөлек зерттеуші аталмыш мақаласында жылқы бейнесін басқа да жануарлардың кейпімен сомдауға қатысты да тұжырымдар жасаған. Автор «жылқы-құс» және «жылқы-бұғы» тәрізді бейнелерді күн мен құрбандық шалу нышанымен байланыстырады. Оның көзқарасы бойынша өлікпен бірге жерленген жылқы тірілер әлемі мен өлілер әлемі арасында дәнекер қызметін атқарған. [6].

Скиф патшаларының жерлеу рәсімі туралы Геродот былай жазылады: «... Мәйітті шұңқырға арнайы әзірленген сабанның үстіне жатқызып, екі тұсына найза қадап, үстіне бөренелер қойып, артынан қамыс жапқышпен жабады. Шұңқырдың бос қалған жерлеріне алдын ала буындырылып өлтірілген кәнізегін, аспазын, қызметшісін, хабаршысын және жылқыларды алтын тостағандармен бірге жерлейді» [2, 204 б].

Е.Е. Кузьмина Соколова да жерленген жылқыны өлікке арналған құрбандық ретінде сипаттап, бұл дәстүрден төмендегідей екі қарапайым қорытынды жасайды:

1. өлген адамды мініс көлігімен және шаруашылықтағы малымен қамтамасыз ету;
2. өлген адамның жанына ас арнау [3, 184-185].

Жылқы бейнесін Даланың түрлі бұрышынан табылды. Бұлда жылқы култінің үлкен бір бөлігі. Біз бірнеше мысал арқылы осы ойды дамытуға тырыстық. Мысалы Сауысқандық петроглиф кешенінде көлемі 2 м-ге жуық келетін жылқы суреттері де анықталған [1.85-92]. Көлеміне байланысты мұндай кескіндерді бір

карағанда тас дәуірі туындыларына жатқызуға болатындай. Бірақ анықтап зер салғанда салыну мәнері толығымен ерте темір дәуіріне тән екендігі нақты байқалады. Әсіресе, жануардың негізгі элементтері басын, көзін, аузын кескіндеуде бұл жайт анық көрінеді.

Ерте темір дәуіріне жататын бейнелер арасында ерте көшпелілердің дүниетанымдық болмысын ашып көрсететін көріністер бар. Оған, Таңбалы мен Қаратау петроглиф кешендеріндегі басына тау текенің немесе бұқаның мүйізімен бітісетін бетперде кигізілген жылқылар дәлел бола алады. Хантаудағы Теректі жартас суреттеріндегі осыған ұқсас бейне де аталмыш мазмұнда орындалған. Қаратаудағы Қызылшың жартас суреттері арасындағы төрт жылқы да «жарты ай» тәрізді қос мүйізбен кескінделген. Мұндай бейнелердің баламаларын Есік обасындағы көсемнің бас киіміндегі қос жылқы мүсіні мен өзіміз жоғарыда сипаттаған Берел қорымындағы № 11, 10 обаларда жерленген жылқылардың бастарындағы таутеке мүйізі бар бетперделерден байқауға болады. Моңғол Алтайындағы Шивээт-Хаирхан петроглиф кешеніндегі суреттер арасында тауешкінің және бұқаның мүйіздерімен әшекейленген жылқы бейнелері анықталған. Олардың арасындағы жылқылардың бірінің желкесінде жалының түйілгендігін білдіретін белгілер салынған [1.85-92]. Сауыскандықтағы кескіндер арасында да осы сипатта жалы бірнеше жерден түйілген жылқылар кездеседі. Бір суретте сондай салт атты жылқыға атылып келе жатқан мысық тұқымдас бейнеленген [4, 15 б; 1, 85 б] Жалпы жылқының жал-құйрығын әркелкі әсемдеу тәсілі сақ дәуіріндегі өзіндік бір канон ретінде жерлеу орындары мен жартас бетіндегі бейнелерде жиі кездеседі.

Жылқы бізге жылдамдық пен шексіз күш-қуат сыйлады. Ол мәдениет пен өнерге, салт-дәстүрлерімізге үлкен әсер етті және ұлттық кодымыздың қалыптасуында маңызды рөл атқарды. Салт-дәстүрлеріміздің көпшілігі мал шаруашылығына негізделген. Өмірімізге жұмыр тұяқтылардың алып келген құндылықтарын "жылқы культі" деп атадық.

Бұл мақалада басты назарды осы жылқы культінің болашағына аударғымыз келеді. Ендігі жерде жылқы культінің сақталу мәселесіне аз-кем толқалуды да жөн санаймыз. Себебі ұлттық мәдениетіміз көшпелі мал шаруашылығымен байланысты. Алайда, қазіргі уақытта біз отырықшы халыққа айналдық. Өткен ғасырдың басында Кеңестік билік жүйесі халықты күштеп ұжымдастыру және мал-мүлкін тәркілеуі салдарынан жылқы саны күрт азайып кетті. Бұл – тарихымыздың ең ауыр кезеңдерінің бірі. XX ғасырдың екінші жартысында Моңғолия мен Қытай Халық Республикасында көшпелі халықты отырықтандыру және феодалдарды тәркілеу науқандары да көшпелі өркениеттің аясын тарылты. Өткен ғасырда қалалық урбанизация мен индустрияның қарқынды дамуының әсерінен көшпелі тұрмыс салты жойылды.

Бүгінде далада мал бағып жүрген көшпелі қазақтың қарасы сиреп барады. Кеңес билігі тұсында зорлықпен құрған ауылдар құлдырау алдында тұр. Ал ХХІ ғасырдағы жаһандану үдерісі кезінде ата-бабамыздан қалған көшпелі мәдениеттің жойылып кету қаупі бар. Көшпелі мәдениетпен бірге жылқы культінің де бірге жоғалары сөзсіз. Ал бұл құбылыс өз кезегінде рухани мәдениеттің, тілдің, ұлттық болмыстың да әлсіреуіне тіпті кей жағдайда жойылуына да әкеліп соғуы ықтимал.

Мәселен соңғы ширек ғасырда әлемдегі үрдестермен қатар Қазақстанда да урбанизация қарқынды жүріп жатыр. Бұл экономикалық өсу үшін маңызды көрсеткіш болғанымен, ұлттық құндылықтарымызға әсер етуде. Халықтың жартысынан көбі қалада тұратын қазіргі уақытта жылқы көрмей өскен ұрпақтың саны артып келеді. Бұл жағдай жылқыға қатысты дәстүрлер мен ырым тиымдар, сөздік қордың қолданыстан шығуына әкеліп соғуда.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметінше, республикада 4 миллионнан астам жылқы бар. Бірақ бұл жылқылардың көпшілігі тек еті үшін өсіріліп отыр. Жылқыны шаруашылық мақсатында қолдану дәстүрі толық жойылды деуге де болады. Егер біз жылқы культінен айырылсақ, онымен бірге ұлттық құндылықтарымызды да жоғалтамыз. Бұл нағыз рухани құлдырауға алып келеді. Қазақ тілінің сөздік қоры қысқарып, далалық рухы пен мінез – құлқының да өзгерері анық.

Әр аймақтарда өтетін бәйге, көкпар сынды ұлттық ойындар немесе осы жылы Астана қаласында өткен «Көшпенділер ойыны» сынды шаралар ұлттық мәдениетімізді сақтауға бағытталған азғантай ғана жұмыстардың бірі. Қазақ баласының енді қайтып атқа қонуы екі талдай құбылыс екені де түсінікті. Олай болса жылқы культі де өткен шақта айтылар, ғылыми зерттеу тақырыбының өзекті мәселелерінің біріне айналды деген сөз. Бұл мақланың да айтпағы да осы болатын.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Жуматаев Р. С. Қазақстанды ежелгі дәуірлер мен орта ғасырларда мекендеген жұрттардың әдет-ғұрыптарындағы жылқы (Мәденигенездік аспект) / Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация – Алматы, 2019.

2. Геродот. История в 9 книгах. Перевод и прим. Г.А. Стратановского. Л.: Наука, 1972 – 600 с.

3. Катанов Н.Ф. О погребальных обрядах у тюркских племен Центральной и Восточной Азии с древнейших времен до наших дней // Известия общества археологии, истории и этнографии при Императорском Казанском Университете. - Казань, 1894. –Т. 12. – Вып. 2. – С. 109-142.

4. Самашев З., Мургабаев С., Елеуов М. Сауыскандық петроглифтері.

5. Акишев А.К. Искусство и мифология саков. – Алма-Ата: Наука, 1984. – 176 с.

ТОРҒАЙ ӨЛКЕСІНІҢ АРХЕОЛОГИЯСЫ ЕУАЗИЯ ӨРКЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ ОБЪЕКТ РЕТІНДЕ

Жүсіп Ә.Т.

Ғылыми жетекшісі: «Тарих» ББ аға оқытушысы, магистр Оразбекова Р.С.

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты

auletbek.zhusup@bk.ru

Арқалық қ.

Торғай аймағы – Қазақстанның саяси, мәдени және тарихи орталығының бір бөлігі. Осы орайда, «Торғай» топонимикасы қайдан шықты? Неліктен «Торғай» аталды? - деген заңды сұрақ туындайды. Тарихтың беттерін салыстыра отырып қарасаңыз, «Торғай» терминіне қатынасты біраз деректер мен болжамдар бар. Бүгінгі ғылыми түсінік ретінде еститініміз мына бір нұсқа: Тіл маманы Сейітбек Нұрханов бұл сөзді торы қыпшақ пен оғыздың «қайы» тайпасының одағынан, яғни «торы» және «қай» сөздерінен шыққан деген пікір айтады. Бұл пікірді белгілі ғалым Қойшығара Салғарыұлы да қолдайды. Ал, ертеде осы өңірдің басты өзені Сауық атанса, кейін Торғай болып өзгерген [1].

Дүние жүзіндегі ең ежелгі, Тұран ойпаты жалғасы, Торғай топонимикалық аталуына тоқталсақ: «Торғай» - сөзі, сауық, суық немесе (балота) сарила-батпақ деп аталады. Ежелгі дүниеде Торғай-/тур/-орманды, Батыс Сібір орманының оңтүстігінен, қазақ жерінің солтүстігіне дейін тайға деп аталды [2]. Қалай десекте, «Торғай» топонимикасының қалыптасуын теріске шығара алмаймыз. Жалпы, Торғай өлкесінің тарихы сан ғасырлар мен жылдардың қойнауынан сыр шертетін, өзіндік парадигмалық қасиетке ие киелі мекен. Торғай өзені, Торғай қолаты, Торғай үстірті, Торғай губерниясы, Торғай бекінісі, Торғай қаласы және Торғай уезы. Бұл атаулардың бәрі де осы өлкенің сан қырлылығын, табиғатының ерекшелігін, тарихының көп қырлылығын көрсетеді. Бүгінгі Торғай бейнесі сонау XIX ғасырдан бастау алады. Тарихи дереккөздерге арқа сүйесек, 1845 жылы Торғай бекінісінің негізі қаланды. Сол дәуірден бері Торғай аймағы қала болып қалыптасты. Тарихқа алыстан көз тастасақ, бұл өлкенің тарихы тек XIX ғасырмен шектеліп қалмайды. Қазақстанда алғашқы өркениет қалыптасуымен бірге етене жақын дамып, жаңарып келеді. Тіпті, кейбір ғалымдардың монографиялық еңбектерінде «Торғай өлкесі ежелгі өркениетті қалыптастырушы» деген концепция айтылып жүр. Мысалы, зерттеуші ғалым Кеңесбек Мәулетұлының ғылыми зерттеулерінде Торғай төрткүл дүниесі туралы түсінік бар. Торғай төрткүл өлкесі деген ұғым – археология, геология, биология, антропология ғылымдарында күнделікті қолданылатын термин. Бұл, «Орал – Қазақстан регионы», «Орал – Қазақстан аймағы» сөзтіркестерімен бірдей, өйткені, бәрінің де мағынасы сол бір аймақ. Батысы – Орал Мұғалжар, шығысы – Сарыарқаға дейінгі, солтүстігі – Батыс Сібір ойпатының оңтүстігі, оңтүстігі – Арал теңізі мен Арал сырты құмы, Борсық құм, Қаракұммен шектелетін алқапта жер жаралғанда Тұран плитасының солтүстігінде бірге жаратылған Торғай ойпаты, Торғай қолаты, Торғай теңізі, Торғай бұғазы, Торғай үстірті – бәрінің басын қосады. Ғалымдар осы аймақты жалпылама: бірде Орал-Қазақстан (Торғай) регионы, бірде Оңтүстік Орал - Солтүстік Қазақстан, бірде Торғай даласы, бірде Торғай бұғазы дейді. Осыған дейінгі ғылымда, Қазақстан мен Оңтүстік Оралға адамдар мұз ерігеннен кейін неолит кезінде, яғни б.з.д. 8 мың жылдан кейін ғана келген деген ұғым мықты орныққан болатын. Ал шындығында нақ осы өңірде, ғалымдар, Торғай өлкесінің солтүстік батысындағы Оңтүстік Оралдағы ежелгі заман ескерткіші, палеолиттен темір дәуіріне дейінгі кезеңді түгел қамтитын көпқабатты Мысовая тұрағындағы артефактілер бойынша, – ежелгі адамдар бұл тұрақта б.з.д. біреулері – 800 мың, келесілері – 400-120 мың, енді біреулері – 200-120мың, тағы біреулері – 70 мыңыншы жылдары өмір сүре бастаған деп есептейді. Бұлардан шығатын қорытынды – Тұранның Торғай төрткүл өлкесіндегі Қарабалықты көлінің мүйісіндегі, орысша – «мысовая» аталатын, ежелгі адамдардың тұрағы, кем дегенде ортаңғы палеолиттен бастау алатын, дүние жүзіндегі ең ежелгі, көп қабатты: палеолиттік, мезолиттік, неолиттік, энеолиттік ескерткіштер бар. Ол аз болса Атбасар мәдениетіндегілер палеолит, мезолит, неолитте, яғни б.з.д. 40 мың жылдан 5 мың жылға дейін тұрған. Б.з.д. Капова үңгірінде – 18 мыңыншы; Игнатев және Серпиев үңгірлерінде – 14 мыңыншы; Янгель мәдениетінде – 12 мыңыншы; Прибельскіде – 9 мыңыншы; Маханджарда – 7 мыңыншы; Тасбулатов, Ботай – Терсек мәдениеттерінде – 6 мыңыншы; Ақеділ мәдениетінде – 5 мыңыншы жылдардан бастап тұрғандарын ғылыми зерттеулер, мәдени ескерткіштер анықтағалы кем дегенде 30-40 жылдан асты. Палеолиттік, мезолиттік, неолиттік бұндай бай және көп мәдени ескерткіштері бар өлке дүние жүзінде еш жерде жоқ, Торғай төрткүл өлкесімен бұл жөнінде Африка, Таяу және Орта Шығыс, Қосөзен – ешқайсысын салыстыруға да жарамайды. Оларда бұндай ескерткіштер болса бірді-екілі, әйтпесе тіпті жоқ. Янгель мәдениетінде, микролит пен қол орақ, астық сақтайтын ұра, кетпен-шоттың табылуы, ғалымдардың ойынша, ежелгі Тұранда, Торғай төрткүл өлкесінде – Оңтүстік Оралдың шығыс беткейінде сол кездің өзінде мезолитте (б.з.д. 12-9мың жыл) егіншіліктің туғанын білдіреді, бұл дегеніңіз осыған дейін егіншіліктің